

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 16 ақпандағы N 119 Қаулысы

Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы достық қатынастарды қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен 1910 жылғы үлгідегі сериясы АЖ N 59, 1945 жылғы шығарылған "Максим" жүйесінің 7,62 мм станокты пулеметін жиынтығымен Біріккен Араб Әмірліктерінің басшылығына сыйға беруді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген қарудың экспортына лицензияны ресімдесін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті осы қаулыға сәйкес әкетілетін қаруды кедендік ресімдеуді және бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі